- салауатты өмір құндылықтары, салауатты мінез-құлық стратегиялары туралы түсінік қалыптастыру;
- салауатты өмір салтының құндылығын қалыптастыру;
- өзінің мінез-құлқы үшін жеке жауапкершілікті қалыптастыру;
- ПАЗ тұтынуға өмірлік баламаға талап.

2.4. Байқау 3 номинация бойынша өткізіледі:
- бейнеролик;
- презентация;
- сынып немесе сыныптан тыс іс-шаралардың әдістемелік әзірлемелері.

2.5. Байқауға қатысушылар материалдардың жеке әзірлемелерін ұсынады, үшінші тұлғалардың зияткерлік құқықтарын бұзғаны үшін жауапты болады.

2.6. Байқауға қатысу үшін (1-қосымшаға сәйкес) білім беру ұйымы директорының қолы қойылған өтінім нысанын толтыру қажет.

III. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар

3.1. Бейнероликтің ұзақтығы 5 минуттан аспауы тиіс.

3.2. Презентация 10-15 слайдтан тұруы қажет.

3.3. Әзірлеу мәтіні Microsoft Word, А4 форматында, Times New Roman қаріпінде, өлшемі 14, аралығы бір болуы қажет.

3.4. Байқауға жеке және жобалық топтың құрамында қатысуға болады. Топтағы қатысушылар саны үш адамнан аспауы тиіс.

3.5. Байқауға жіберілген материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3.6. Байқау жұмыстары келесі критерийлерге сәйкес болуы тиіс:
- өзектілік және креативтілік (идеяның жаңалығы, бірегейлігі);
- берілген тақырып бойынша мазмұнның тереңдігі мен толықтығы;
- осы бағыттағы жұмыстың мазмұнын, құралдарын, әдістері мен нысандарын іріктеудің педагогикалық орындылығы;
- ұсынылған материалдарды басқа білім беру ұйымдарында пайдалану мүмкіндігі.

IV. Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

4.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін сараптамалық байқаудың комиссиясы құрылады, оның құрамы байқауды ұйымдастырушылардың өкілдерінен және шақырылған мамандардан қалыптастырылады.

4.2. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталады.

4.3. Байқау қорытындысы 2021 жылдың 19 наурызында шығарылып, ҚО ББД ОӘО umckrg.gov.kz сайтында орналастырылады.